

"Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізімін анықтау туралы" 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 855 қаулыға өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 27 қазандағы N 835 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 02 желтоқсанда № 5-9-139 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Глубокое аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 09 желтоқсандағы N 1422 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Глубокое аудандық әкімдігінің 2011.12.09 N 1422 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабының 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 28-бабына сәйкес, Глубокое аудандық әкімдік

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізімін анықтау туралы» 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 855 қаулыға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылы 24 сәуірде № 5-9-82 болып тіркелген, аудандық «Огни Прииртышья» газетінде 2008 жылы 9 мамырдағы № 19 санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулының 1, 3 қосымшасы осы қаулының 1, 2 қосымшасына сәйкес мына үлгіде мазмұндалсын.

2. Өзгерістер Глубокое аудандық мәслихатына келісуге ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Глубокое ауданы әкімінің орынбасары В.В.Лаптевке жүктелсін.

4. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Глубокое ауданының әкімі

В.Кошелев

Глубокое	аудандық	әкімдігінің		
2010 жылғы	«27»	қазандағы	№	835
қаулысына 1 қосымша				
Глубокое	аудандық	әкімдігінің		
2008 жылғы	«14»	сәуірдегі	№	855
қаулысына 1 қосымша				

«Глубокое ауданының білім беру бөлімі» ММ бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мамандары лауазымдарының тізімі

1. Қазыналық кәсіпорынның, орталықтың, мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның, лагер бастығы, меңгерушісі, соның ішінде: кітапхана, интернат, шеберхана, кабинет, әдістемелік кабинеттің және мемлекеттік мекеменің басшысы және басшының орынбасары (әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі басшының орынбасарын қоспағанда).

2. Педагогикалық жұмысшылар және оларға теңестірілгендер: барлық мамандықтағы мұғалімдер, аға тәрбиеші, тәрбиеші, аға шебер, шебер, аға вожатый, мұғалім, әдіскер, көркемдік жетекші, музыка жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог - ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогы, педагог-психолог, логопед мұғалім, алғашық әскери дайындық мұғалімі – ұйымдастырушы, концертмейстер, аккомпаниатор, зертханашы (физика, химия, биология, информатика кабинеттері), мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешінің көмекшісі, дефектолог – мұғалім, спорт нұсқаушысы.

3. Мамандар (бас, аға), соның ішінде: кітапханашы, вожатый, хореограф, медбике.

<i>бөлімі» ММ бастығы</i>		<i>«Глубокое білім беру М.Асамбаев</i>		
Глубокое	аудандық	әкімдігінің		
2010 жылғы	«27»	қазандағы	№	835
қаулысына 2 қосымша				
Глубокое	аудандық	әкімдігінің		
2008 жылғы	«14»	сәуірдегі	№	855
қаулысына 3 қосымша				

«Глубокое ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ауылдық (селолық)

**жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген
әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізімі**

1. Үйге барып әлеуметтік көмек беретін бөлім меңгерушісі.
2. Арнай әлеуметтік қызметтердегі қажеттілікті анықтау және бағалау
жөніндегі әлеуметтік жұмысшы.
3. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.
4. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші.
5. Күтім жөніндегі әлеуметтік жұмысшы.

*«Глубокое ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» ММ бастығының орынбасары А.Забиров*